АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі

АКИМАТ БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТИ

Государственное учреждение
«БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ»

Б Ұ Й Р Ы Қ **П Р И К А З**

Қарауылкелді селосы **№ 88** **22 сәуір 2025 жыл**

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі Заң)* 16-бабы 3-тармағының 34) тармақшасын және 16-бабының 5-тармағын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ащы ауылдық округі, Ноғайты ауылындағы Теміржол вокзалынан Бейбітшілік көшесіне дейін жол салуға авторлық қадағалау қызметі Заңның 16-бабы 3-тармағының 34) тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 785 420.00 (жеті жүз сексен бес мың төрт жүз жиырма теңге нөл тиын) теңгеге (ҚҚС есептемегенде) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмесін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, сондай-ақ Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес жауаптылықты өзіме жүктеймін.

5. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы **Е. Копжасаров**